

АНЫҚТАМА

«Атырау облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ КМК қызметінде
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері
туралы

26 қазан 2023 жыл

Атырау қаласы

«Атырау облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ КМК қызметінде (бұдан әрі-Орталық) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстарын- «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды өткізу туралы» 2023 жылғы 12 қазандағы №478 бұйрығына сәйкес, Таздарбаева Фарида Конысовна-комплаенс-офицер (жауапты маман) жүргізуге жауапты.

Негіздеме: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі Төрағасының №12 бұйрығы, Орталық директорының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды өткізу туралы» бұйрығы.

Мақсаты: Сыбайлас жемқорлық құқтық бұзушылар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептердің туындау мүмкіндігін анықтау және олардың салдарын жою.

Уақыты: 16.10.2023-24.10.2023

Талдау жүргізу бағыты:

1. Орталықтың қызметін қозғайтын нормативтік құқтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
2. Орталықтың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
 - бюджет қаражатын игеру,
 - мемлекеттік сатып алу, жеке және заңды тұлғалармен келісім шарт жасау
 - мемлекеттік қызмет көрсету, анықтамалар беру қызметі,
 - персоналды басқару, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау, мүдделер қақтығысын реттеу,
 - комплаенс-қызметі.

Талдау объектісі

Атауы: Атырау облыстық Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық перинаталдық орталығы» шаруашылық жүргізу құқындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

Құрылтайшы: Атырау облысының әкімдігі

Басқару органы: «Атырау облыстық Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі

Нормативтік құқық актілер: Қазақстан Республикасы Конституциясы, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексі, Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексі, Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексі, Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңы.

Орналасқан жері: Атырау қаласы, Солтүстік өндірістік аймақ, 3Б және Атырау қаласы, Владимирский 22 а.

1. Орталықтың қызметін қозғайтын нормативтік құқық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жүргізілген ішкі талдау нәтижесімен орталық қызметін қозғайтын нормативтік құқық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін олқылықтар анықталған жоқ.
2. Орталықтың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

1. Бюджет қаражатын игеру

2023 жылға жергілікті бюджеттен 332 830 400 теңге бөлініп, оның теңгесі 221 190 192 игерілді.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» -1 893 279 000 теңге бөліп, - 1 879 779 000 теңге игерілді.

Ақылы қызмет көрсетуден түскен қаражат мөлшері- 22 791 000 теңге, қалдығы-2 279 465 теңге

Орталықтық жұмыскерлерін көтермелеу (оның ішінде сыйақы беру) тәртібі құрылған комиссиямен қаралып, объективті түрде берілетін баға негізінде жүзеге асырылған.

2. мемлекеттік сатып алу, жеке және заңды тұлғалармен келісім шарт жасау

Орталықпен 2023 жылға тауарлар, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары жасақталып, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»-мемлекеттік сатып алудың 509 түрі

бойынша жалпы сомасы 804 651 707,96 теңге оның ішінде мемлекеттік сатып алудың 270 түрі бойынша жалпы сомасы 464 802 964,96 теңгені құрайды. Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарға -239 түрі, 339 848 743,00 теңге.

04.05.2023 жылғы Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу туралы №16 хабарландырудың баға ұсыныстарын ашу жөніндегі 11.05.2023 ж. №19 қорытынды хаттама бойынша №32-36 лоттар бойынша заңбұзушылықтар орын алған, атап айтқанда алынатын тауардың маркасы көрсетілген. Аталған олқылықтар түзетілді. Мемлекеттік сатып алуға жауапты маманға қатысты тәртіптік жаза қолданылды.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету, анықтамалар беру қызметі,

Орталықта 2023 жылдың 01 қаңтарынан бастап, 9310 науқасқа көмек көрсетілді. 5828 босану болып, 5880 нәресте дүниеге келген. 5622 нәрестеге туу туралы анықтама берілген.

4. Персоналды басқару, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау, мүдделер қақтығысын реттеу

Орталық құрылымы мен штат саны қолданыстағы заңнамалық талаптарға сәйкес белгіленген.

Штат саны-483, оның ішінде дәрігерлер саны-103, орта буын қызметкерлер саны-201, кіші буын қызметкерлер саны-105, әкімшілік персонал-33, қосалқы персонал-40.

Жыл басынан бері орталық қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлық әрекеттері, әдептілік нормалары мен мінез-құлық қағидаларының талаптарын бұзу жағдайлары орын алған жоқ.

Бұқаралық ақпарат құралдарында қызметкерлердің әрекетіне қатысты, оның ішінде интернет ресурстарда, әлеуметтік желілерде сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын сыни немесе жағымсыз материалдар жарық көрмеген.

Орталықтың ресми сайтында жарияланған телеграмм каналға қандай да бір ақпарат келіп түспеген.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметте сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау барысында жемқорлық тәуекелдігіне шалдыққан тұлғалар, мүдделер қақтығысы, лауазымды тұлғалардың жеке мүдделері мен өз міндеттерін немесе өкілеттіктерін тиісті, объективті және бейтарап орындауына әсер ететін, әсер етуі мүмкін жағдайлар анықталған жоқ.

5. Комплаенс қызметі.

Орталықтың директорымен 2023 жылдың 10 мамырда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу

жөніндегі саясат, корпоративтік әдеп және мінез-құлық кодексі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ереже, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық бетітілген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында ұжым арасында тоқсан сайын жалпы және бөлімдер арасында жиындар, лекциялар өтіп отырады.

Жиын барысында комплаенс қызметі туралы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлықты алдын алу туралы оқыту шаралары алынып жүр.

Пациенттер арасында онлайн сауалнама ұйымдастырылып, жауаптары зерделенуде. Қызметкерлер арасынан көрсетілетін қызмет бойынша жемқорлық фактілері анықталған жоқ.

Қорытынды:

Талдау нәтижесі бойынша «Атырау облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ КМК қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Ұсыныс:

Орталықтағы қызметкерлер қызмет көрсету шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға, алдын алуға және жол бермеуге;

Ұжым арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыруға;

Бюджет қаражатын оңтайлы және тиімді жұмсауға;

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу кезінде заң бұзушылықтарға жол бермеуге, мемлекеттік сатып алуға жауапты маманның біліктілігін арттыруға;

Ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау үшін орталықтың ресми сайтына орналастыруға.

Комплаенс-офицер



Ф.Газдарбаева

«Келісілді»

Атырау облыстық перинаталдық
орталығы ШЖҚ КМК
директоры



К.Ермагамбетов